

A large, bright yellow starburst graphic with multiple sharp points, centered on a dark blue background. The text is centered within the starburst.

**Проблемалық оқыту  
психологиясы**

«Проблема» - шешілуі тиіс көкейкесті мәселе,  
психологиялық категория.

## Проблемалық оқыту

-оқытудың әдіс –тәсілдерін қолдана  
отырып, білімді шығармашылық  
тұрғыдан меңгеруге негізделген  
дидактикалық жүйе.



**Проблемалық оқыту** дегеніміз мұғалімнің басшылығымен келелі жағдайлар туғызу және оны оқушылардың шешу жолындағы өзіндік қызметінің нәтижесінде шығармашылдығын, кәсіптік білімін, дағдысын, іскерлігін, ойлау қабілетін жетілдіруді туғызу. (Г.К.Селевко).

Проблемалық оқытудың ерекшелігі – мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі ойластыру тиіс.




## Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары :


- ❖ оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- ❖ оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- ❖ түрлі проблемаларды көріп, қойып , шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;
- ❖ кез келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту.

# Проблемалық оқыту технологиясының мақсаттары:

Проблемалық оқыту технологиясының негізін  
салушылар мен зерттеушілер



Махмутов Мирза Исмаилович.



Американың ірі ғалымы  
**Джон Дьюи**  
оқушылардың  
практикалық іс – әрекеті  
кезіндегі  
интеллектуалдық  
мүмкіндіктерін дамыту  
идеясын алдыға тартты.  
Өз зерттеулерінде  
оқушылардың  
белсенділігі дамуына  
басты назар аударды.





**Лернер Исаак Яковлевич**  
**Педагог, педагогика**  
**ғылымының докторы,**  
**профессор .**

**Проблемалық оқытудың**  
**4 түрін көрсеткен :**

- **Баяндама**
- **Эвристикалық ( пікір алысу)**
- **жеке ізденіс**
- **зерттеу әдістері**

## Мәселелік оқытудың 3 әдісі:

- мәселелік мазмұндама;
- жартылай-ізденістік іс-әрекет;
- өз бетінше зерттеу іс-әрекеті.



Дәрістегі оқу материалын *мәселелік мазмұндама*: мұғалім мәселелік сұрақтар қояды, мәселелік тапсырмалар құрастырады және оны өзі шешеді; оқушылар шешімді іздеу үрдісіне тек ойша ғана қосылады. Мәселелік мазмұндама “білім-ікемділік” береді.

*Жартылай-ізденістік әдіс:* мұғалім мәселелік сұрақтар жүйесін ойлап табады, мүмкін болатын сілтемелерді ойлап табады, оқушылардың жауаптарына сүйене отырып бастысын анықтайды. “Білім-трансформация” қалыптасады.

*Зерттеу әдісі:* оқушылар өз бетінше мәселе қалыптастыруда және мұғалімнің бақылауымен оны шешеді (курстық, дипломдық жұмыстар, СҒЗЖ). Бұндай оқытуда берік “білім-трансформациялар” қалыптасады.



Назарларыңыз  
ға Рақмет!!!

